

Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 165 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 мамырда № 11125 тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Кіріспе жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.04.2020 № 245 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, оның көшірмесін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интернет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралар туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі

_____ Е.Ә.Ыдырысов

2015 жылғы 13 сәуір

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Е.А.Досаев

2015 жылғы 6 сәуір

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 24 ақпандағы
№ 165 бұйрығымен бекітілген

Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.04.2020 № 245 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 4-бабы 3-тармағының 55-2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу тәртібін айқындайды.

2. Қағидалар сауда мақсатында теңізде жүзуге пайдаланылатын кемелерге қолданылады. Қағидалар Қазақстан Республикасының Әскери-Теңіз Күштері мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің теңіз бөлімдері туын көтеріп жүзуші кемелерге қолданылмайды.

3. Қағидалар барлық жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - өтініш беруші) қолданылады.

4. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) кемеңіз жасалған жылы - кемеңіз тіркеу туралы құжатта көрсетілгендей, жасалған жылынан бері өткен уақыт кезеңі;

2) қазақстандық кемемен жалданушы - белгілі бір мерзімге кеме беретін тарабы болып табылатын Қазақстан Республикасының заңды немесе жеке тұлғасы;

3) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің 16.08.2024 № 283 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде (бұдан әрі - Мемлекеттік кеме тізілімі), Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде (бұдан әрі - халықаралық кеме тізілімі) және бербоут-чартер тізілімінде кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді Порттың теңіз әкімшілігі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы теңіз кемелерінің тізілімдерін (Мемлекеттік кеме тізілімін, халықаралық кеме тізілімін, бербоут-чартер тізілімін) жүргізуді Порттың теңіз әкімшілігі электрондық жеткізгіште осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша жүзеге асырады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Порттың теңіз әкімшілігі мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне түседі.

Уәкілетті орган нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік үш күн ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілген қызметті берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.11.2022 № 604 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің 16.08.2024 № 283 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

7. Кемелерді мемлекеттік тіркеуге ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар:

1) құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жасалады;

2) егер Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, ресми шетелдік құжаттар шетелдегі Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемелерінде заңдастыруға жатады.

Қарауға белгіленген тәртіппен расталған, оларға қатысты көрсетілген талаптар орындалған нотарилады куәландарылған құжаттардың көшірмесі қабылдануы мүмкін. Егер ұсынылатын құжаттар шетел тілінде жасалған болса, оларға мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі нотариат куәландырған аудармасы қоса беріледі;

3) құжаттардың мәтіндері анық, заңды тұлғалардың атаулары мен деректемелері қысқартусыз жазылған болуы тиіс;

4) тазарту не қосып жазу, сызылған сөздер және оларда өзге де ескертілмеген түзетулер бар құжаттар, қарындашпен орындалған құжаттар, сондай-ақ мазмұнын біржақты түсіндіруге мүмкіндік бермейтін бүлінген жерлері бар құжаттар мемлекеттік тіркеуге қабылдауға жатпайды.

8. Кеменің мемлекеттік тіркелуін куәландыратын құжаттың телнұсқасын беру туралы мәліметтер кеме тіркелген тиісті тізілімге енгізіледі.

9. Шақыру сигналын ауыстыру жағдайында ол туралы мәліметтер тиісті тізілімге енгізіледі.

2-тарау. Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде кемелерді мемлекеттік тіркеу тәртібі

10. Мемлекеттік кеме тізілімінде теңіз, жолаушылар, жүк-жолаушылар, мұнай құю, сүйрегіш кемелер, жүзбелі бұрғылау қондырғылары, құрғақ жүктер, жүзбелі крандар және техникалық флот кемелері (жер снарядтар және басқалары), сондай-ақ кіші көлемді кемеге жатпайтын кемелер тіркеуге жатады.

11. 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасында "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңымен белгіленген тәртіппен тіркелген бекітілген филиалдар (мердігерлік компаниялар, оператор, агенттер) арқылы Каспий теңізінде

қызметін жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаның меншігіндегі, кемеңің жасалған жылы бес жылдан аспайтын және Солтүстік Каспий жобасын іске асыру үшін жасалған (сатып алынған) кемелер Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркелуге жатады.

Бұл ретте кемеңің жасалған жылы туралы осы тармақтың бірінші бөлімінің талабы Қазақстан Республикасының кеме тізілімдерінде бұрын тіркелген, сондай-ақ кейіннен меншік иесі 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Заңымен белгіленген тәртіппен тіркелген филиалдар (мердігерлік компаниялар, оператор, агенттер) арқылы Каспий теңізінде қызметін жүзеге асыратын кез келген шетелдік заңды тұлғаның меншігіне берілген кемелерге қолданылмайды.

12. Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркелген кемеңің Порттың теңіз әкімшілігі бербоут-чартер шарты бойынша беру кезінде:

1) Мемлекеттік кеме тізілімінің "Ескерту" бағанасына меншік иесінің өтінімінің негізінде бербоут-чартер шартының қосымшасымен бербоут-чартер шартының қолданылу мерзімі көрсетілген тиісті жазбаны енгізеді;

2) "Кеме иесінің атауы және мекенжайы" бағанасына бербоут-чартер шарты бойынша кеме жалдаушының мәліметтерін енгізеді.

Бұл ретте кемеде теңіз кемесінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы куәліктің түпнұсқасы болу қажет.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

13-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Кемеңің Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркеу үшін өтініш беруші "электрондық үкіметтің" www.egov.kz порталы (бұдан әрі - портал) арқылы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес "Кемелерді Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне (бұдан әрі – 1 мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өтінімді жолдайды.

Меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар (жеке тұлғаларға қатысты) немесе заңды тұлғаны - меншік иесін (заңды тұлғаларға қатысты) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпарат жүйелерінен алынады.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктерін есепке ала отырып үдерістің сипаттамаларын, нысанын, мазмұнын және көрсетудің нәтижесін, сондай-ақ өзге де

мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі 1 мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

Құжаттарды қарау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру жалпы мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күнін көрсете отырып өтінімді қабылдау туралы хабарлама жолданады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.11.2022 № 604 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Кемелерді Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде тіркеу, кемелерді Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде қайта тіркеу, кемелерді Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінен алып тастау кезінде Порт теңіз әкімшілігінің әрекеттері дәйектілігінің сипаттамасы:

1) Порттың теңіз әкімшілігі кеңсесінің маманы порталда өтінішті тіркейді және оны Порт теңіз әкімшілігінің басшысына (бұдан әрі – басшы) жолдайды;

2) басшы өтінішті орындау үшін жауапты орындаушыға жолдайды;

3) жауапты орындаушы өтініш берушінің мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарын олардың толықтығына және осы Қағидалармен белгіленген талаптардың сәйкестігіне қарайды, мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін дайындайды және басшының қол қоюына енгізеді;

4) басшы мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесіне электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қояды;

5) өтініш беруші мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін өзінің "жеке кабинетінде" алады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.11.2022 № 604 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

15-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтылығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық емес пакетін ұсынғанда, көрсетілетін қызметті беруші аталған мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан уәжді түрде бас тартады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту 1 мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес негіздер бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.11.2022 № 604 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Кемені Мемлекеттік кеме тізіліміне енгізу осы Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес Теңіз кемесінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзуге құқығы туралы куәлік және Кемеге жеке меншік құқығы туралы куәліктер берумен куәландырылады, ол кеменің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын және кемеге меншік құқығын растайды.

17. Кеме Мемлекеттік кеме тізіліміне бұрын енгізілген мәліметтерге сәйкес келмей қалған жағдайда кемені қайта тіркеу осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының меншігіндегі және мемлекеттік органдар өздеріне жүктелген функцияларды орындау үшін, коммерциялық мақсаттарда пайдаланылатын кемені пайдалану да кемені қайта тіркеу үшін негіз болып табылады.

Кемені Мемлекеттік кеме тізілімінен шығару, оның атауын және шығарудың себебін көрсете отырып, кеме меншік иесінің өтініші негізінде осы Қағидаларда белгіленген кемені Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркеу тәртібімен мен мерзімдерде жүзеге асырылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 16.09.2021 № 498 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан

Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа шағым жасауға Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.03.2022 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Кеме шетелде сатып алынған жағдайда Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығына уақытша куәлік беру тәртібі

19. Кеме шетелде сатып алынған жағдайда Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығына уақытша куәлік беруді Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері (бұдан әрі - шетелдегі мекеме) жүзеге асырады.

20. Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерде сатып алынған кеме шетелдегі мекеме осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес осындай құқықты растайтын және мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркелгенге дейін, бірақ бір жылдан аспайтын уақытқа жарамды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүру құқығы туралы уақытша куәлікті (бұдан әрі - уақытша куәлік) берген сәттен бастап Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын пайдаланады.

21. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін алған кезде Қазақстан Республикасының консулдық лауазымды адамы құжаттарды есепке алу кітабына тиісті жазба енгізеді. Уақытша куәлік берілгені туралы әрбір жазба тіркеу нөмірімен сәйкестендіріледі. Мұндай нөмір құжаттарды қабылдаған кезде беріледі және қабылдаған құжаттардың кіріс нөміріне сәйкес келеді. Ұсынылған құжаттарды тексергеннен кейін шетелдегі мекеме уақытша куәлікті береді. Берілген уақытша куәлік туралы шетелдегі мекеме он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға уақытша куәліктің көшірмесін қоса бере отырып, хабарлама жібереді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

22-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Уақытша куәлікті электрондық түрде алу үшін өтініш беруші осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес "Кеме шетелде сатып алынған жағдайда Қазақстан

Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығына уақытша куәлік беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне (бұдан әрі – 2 мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес өтінімді портал арқылы, уақытша куәлікті қағаз түрінде алу үшін - Қазақстан Республикасының консулдық лауазымды адамы арқылы жолдайды.

Меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар (жеке тұлғаларға қатысты) немесе заңды тұлғаны - меншік иесін (заңды тұлғаларға қатысты) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпарат жүйелерінен алынады.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктерін есепке ала отырып үдерістің сипаттамаларын, нысанын, мазмұнын және көрсетудің нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі 2 мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

Құжаттарды қарау және уақытша куәлікті беру жалпы мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.11.2022 № 604 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Қазақстан Республикасының консулдық лауазымды адамы құжаттардың қабылдауын және тіркеуін берген күні жүзеге асырады.

Өтінімді портал арқылы берген кезде өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күнін көрсете отырып өтінімді қабылдау туралы хабарлама жолданады.

Өтінім қағаз нысанында берілген кезде оның көшірмесінде құжаттарды қабылдау туралы таңба қойылады.

24. Қазақстан Республикасының консулдық лауазымды адамы өтініш берушінің құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Өтініш беруші құжаттардың толық емес пакетін ұсынғанда, Қазақстан Республикасының консулдық лауазымды адамы аталған мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан уәжді түрде бас тартады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.03.2022 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Өтініш беруші осы Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген құжаттардың толық пакетін ұсынғанда Қазақстан Республикасының консулдық лауазымды адамы үш

жұмыс күні ішінде құжаттарды осы Қағидалардың талаптарына сәйкес қарайды, оң қорытынды кезде уақытша куәлікті ресімдейді және өтініш берушіге жолдайды.

2 мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде Қазақстан Республикасының консулдық лауазымды адамы өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарламаны жолдаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының консулдық лауазымды адамы өтініш берушіге оң нәтиже немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды береді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.11.2022 № 604 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Уақытша куәлікті беруден бас тарту 2 мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес негіздер бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.11.2022 № 604 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа шағым жасауға Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.03.2022 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Қазақстан Республикасының халықаралық мемлекеттік кеме тізілімінде кемелерді мемлекеттік тіркеу тәртібі

28. Халықаралық кеме тізілімінде жүктерді, жолаушыларды және олардың багаждарын халықаралық тасымалдаулар, сүйретіп жүзу үшін пайдаланылатын кемелер, оның ішінде бербоут-чартер бойынша пайдалануға берілген кемелер тіркеледі.

Егер кемелер шет мемлекеттердің кемелер тізілімдерінде тіркелген болса және халықаралық кеме тізілімінде тіркеу туралы өтініш берілген күні олардың жасалғанына жиырма жылдан асса, олар халықаралық кеме тізілімінде тіркелуге жатпайды.

29. Кемеге меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар (бербоут-чартер бойынша жалдап алынған кемеге осы құқықтарды қоспағанда), осы құқықтарды шектеулер (ауыртпалықтар), олардың туындауы, ауысуы және тоқтатылуы халықаралық кеме тізілімінде тіркелуге жатады.

Меншік құқығына және өзге де заттық құқықтарға қатысты шектеулер (ауыртпалықтар) белгіленген кемені халықаралық кеме тізілімінде тіркеу және мұндай кемені аталған тізілімнен шығару пайдасына тиісті шектеу (ауыртпалық) белгіленген адамның жазбаша нысандағы келісімімен жүзеге асырылады.

Бербоут-чартер бойынша жалға алынған кемені халықаралық кеме тізілімінде тіркеу мерзімі осындай кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру мерзімінен аспайтын болады.

30. Мына кеме халықаралық кеме тізілімінен шығарылуға жатады:

1) опат болған немесе хабарсыз жоғалып кеткен;

2) конструкциялық жағынан күйреген;

3) қайта құру немесе кез келген басқа өзгерістер нәтижесінде кеме сапасын жоғалтқан;

4) Заңның 11-бабының 3-1-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмей қалған;

5) оған қатысты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзіп жүруге құқығын уақытша беру туралы шешімді уәкілетті орган жоққа шығарған;

6) оған қатысты Қазақстан Республикасының аумақтық сулары шегінде қызметті жүзеге асыру фактісі айқындалған.

31. Кемені халықаралық кеме тізілімінде тіркеу үшін өтініш беруші портал арқылы осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының халықаралық мемлекеттік кеме тізілімінде кемелерді мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне (бұдан әрі – 3 мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес өтінімді жолдайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

31-тармақ екінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар (жеке тұлғаларға қатысты) немесе заңды тұлғаны - меншік иесін (заңды тұлғаларға қатысты) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпарат жүйелерінен алынады.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктерін есепке ала отырып үдерістің сипаттамаларын, нысанын, мазмұнын және көрсетудің нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі 3 мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

Құжаттарды қарау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру жалпы мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Құжаттарды портал арқылы жолдау кезінде өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күнін көрсете отырып өтінімді қабылдау туралы хабарлама жолданады.

Кеме халықаралық кеме тізіліміне бұрын енгізілген мәліметтерге сәйкес келмей қалғанда кемені қайта тіркеу осы Қағидалардың осы тармағында және 28, 29, 33, 35-тармақтарында көзделген халықаралық мемлекеттік кеме тізілімінде кемелерді мемлекеттік тіркеу тәртібімен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

Кемені халықаралық кеме тізілімінен шығару, оның атауын және шығарудың себебін көрсете отырып, кеме меншік иесінің өтініші негізінде осы Қағидалардың осы тармағында және 30, 33, 35-тармақтарында көзделген халықаралық мемлекеттік кеме тізілімінде кемелерді мемлекеттік тіркеу тәртібімен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

Сондай-ақ Порттың теңіз әкімшілігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы шешімнің мерзімі аяқталғаннан кейін үшінші жұмыс күні кемені аталған тізілімнен шығарады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.11.2022 № 604 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 16.03.2021 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Кемелерді Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркеу, кемелерді Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде қайта тіркеу, кемелерді Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінен алып тастау кезінде Порт теңіз әкімшілігінің әрекеттері дәйектілігінің сипаттамасы:

1) жауапты орындаушы портал арқылы түскен өтініш берушінің мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті өтінішін және құжаттарын олардың толықтығына және осы Қағидалармен белгіленген талаптардың сәйкестігіне қарайды, мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін дайындайды және басшысының қол қоюына енгізеді;

2) басшы мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесіне қол қояды;

3) өтініш беруші мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін өзінің "жеке кабинетінде" алады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.11.2022 № 604 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 16.03.2021 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

35-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтылығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық емес пакетін ұсынғанда, көрсетілетін қызметті беруші аталған мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан уәжді түрде бас тартады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту 3 мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес негіздер бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.11.2022 № 604 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа шағым жасауға Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.03.2022 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-тарау. Бербоут-чартер тізілімінде теңіз кемелерін мемлекеттік тіркеу тәртібі

37. Бербоут-чартер тізілімінде шет мемлекеттердің тізілімінде тіркелген және бербоут-чартер бойынша:

- 1) қазақстандық кеме жалдаушыға;
- 2) 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасында "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі белгіленген тәртіппен тіркелген филиалдар (мердігерлік компаниялар, оператор, агенттер, қосалқы мердігерлер) арқылы Каспий теңізінде қызметін жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаға ұсынылған теңіз кемелері тіркеуге жатады.

38. Уәкілетті орган теңіз кемесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығына уақытша рұқсат беру туралы шешім қабылдаған жағдайда мұндай кеме бербоут-чартер тізіліміне тіркеуге жатады.

39. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы шешім қабылдау үшін кеме иесі уәкілетті органға мынадай құжаттарды береді:

- 1) көрсетілетін қызмет алушының жеке сәйкестендіру нөмірін / бизнес-сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып еркін нысандағы өтініш;
- 2) бербоут-чартер шарты;
- 3) шет мемлекеттердің құзыретті билік органдары берген, онда кеме тікелей ту ауыстырылғанға дейін тіркелген, осындай мемлекеттің туын көтеріп жүзу құқығы тоқтатыла тұрғанын немесе бұл құқық Қазақстан Республикасының бербоут-чартерлік тізілімінде кеме мені мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап бұл құқық тоқтатыла тұратынын растайтын кеме мені Қазақстан Республикасының туын көтеріп жүзуге уақытша ауыстыруға келісу туралы, сондай-ақ кеме менің ипотека ауыртпалығы және кеме менің меншік иесі туралы мәліметтерді қамтитын құжат;
- 4) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге кеме мені ауыстыруға меншік иесі және кеме менің тіркелген ауыртпалығына кепіл ұстаушының жазбаша рұқсаты;
- 5) сыныптау куәлігі немесе кеме менің техникалық жарамдылығын растайтын өзге де құжат;
- 6) кеме Солтүстік Каспий жобасын іске асыру үшін жалға алынғанын растайтын Солтүстік Каспий жобасы жөнінде оператордан хат (осы Қағидалар 37-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тұлғалар жалға алған кемелер үшін);
- 7) өлшеу куәлігі.

40. Уәкілетті органның құжаттарды қарауы он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады, қарау қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы рұқсат беріледі немесе мынадай жағдайларда:

- 1) сауда мақсатында теңізде жүзу саласында Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген теңізде жүзу қауіпсіздігі талаптарына кеме менің сәйкес келмеуін көрсететін негіздер болған кезде;
- 2) осы Қағидалар 37-тармағының 2) тармақшасында көзделген тұлғалар кеме мені Солтүстік Каспий жобасын іске асыру мақсатынсыз жалға алған кезде;
- 3) бербоут-чартер тізілімінде тіркеу мерзімін ұзартуға жататын кемелерді, қазақстандық флоттың құрамында болмайтын мамандандырылған кемелерді, сондай-ақ реновация, жаңғырту және қайта жабдықтау рәсімінен өткен кемелерді қоспағанда, кеме менің шығарылған уақыты жиырма жылдан жоғары болған кезде бас тартылады.

41. Кемені бербоут-чартер тізілімінде тіркеу мерзімін ұзарту мынадай құжаттар қоса беріле отырып, оңайлатылған тәртіппен жүзеге асырылады:

1) кеме иесінен еркін нысандағы өтініш;

2) шет мемлекеттердің құзыретті билік органдары берген, онда кеме тікелей ту ауыстырылғанға дейін тіркелген, осындай мемлекеттің туын көтеріп жүзу құқығы тоқтатыла тұрғанын немесе бұл құқық Қазақстан Республикасының бербоут-чартерлік тізілімінде кемені мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап бұл құқық тоқтатыла тұратынын растайтын кемені Қазақстан Республикасының туын көтеріп жүзуге уақытша ауыстыруға келісу туралы, сондай-ақ кеменің ипотека ауыртпалығы және кеменің меншік иесі туралы мәліметтерді қамтитын құжат.

42. Бербоут-чартер тізілімінен:

1) опат болған немесе хабарсыз жоғалып кеткен;

2) конструкциялық жағынан күйреген;

3) қайта жасау нәтижесінде кеме сапасын жоғалтқан;

4) осы Заңның 11-бабының 5-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмей қалған;

5) оған қатысты уәкілетті орган Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы шешімнің күшін жойған кеме шығарылуға жатады.

Кемені бербоут-чартерлік тізілімнен шығару, оның атауын және шығарудың себебін көрсете отырып, кеме иесінің өтініші негізінде осы Қағидаларда белгіленген кемені бербоут-чартерлік тізілімде тіркеу тәртібімен мен мерзімдерде жүзеге асырылады.

Порттың теңіз әкімшілігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы шешімнің мерзімі аяқталғаннан кейін үшінші жұмыс күні кемені аталған тізілімнен шығарады.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 16.09.2021 № 498 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Кемені бербоут-чартер тізілімінде тіркеу үшін өтініш беруші портал арқылы осы Қағидалардың 13-қосымшасына сәйкес өтінімді жолдайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

43-тармақтың екінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар (жеке тұлғаларға қатысты) немесе заңды тұлғаны - меншік иесін (заңды тұлғаларға қатысты) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпарат жүйелерінен алынады.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктерін есепке ала отырып үдерістің сипаттамаларын, нысанын, мазмұнын және көрсетудің нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес "Бербоут-чартерлік тізілімде теңіз кемесін мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – 4 мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) жазылған.

Өтінішті қарау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру жалпы мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күнін көрсете отырып өтінімді қабылдау туралы хабарлама жолданады.

Кемені қайта тіркеу, егер кеме бұрын бербоут-чартерлік тізілімге енгізілген мәліметтерге сәйкес келмей қалғанда, кемені осы Қағидалардың осы тармағында және 37, 38, 44, 45-тармақтарында көзделген кемені бербоут-чартерлік тізілімде тіркеу тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.11.2022 № 604 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Теңіз кемесін бербоут-чартер тізілімінде тіркеу, теңіз кемесін бербоут-чартер тізілімінде қайта тіркеу, теңіз кемесін бербоут-чартер тізілімінен алып тастау кезінде Порт теңіз әкімшілігінің әрекеттері дәйектілігінің сипаттамасы:

1) Порттың теңіз әкімшілігі кеңсесінің маманы порталда өтінішті тіркейді және оны Порт теңіз әкімшілігінің басшысына (бұдан әрі - басшы) жолдайды;

